

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ КӨГІЛДІР ОТ ДУМАН КЕШІНЕ ҰЛАСТЫ



Биыл ауданымыз тағы бір жылды еңсерді. Доңыз жылында ауданымызда атқарылған игі істер де жетерлік. Осы орайда Жаңа жыл мерекесі қарсаңында «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында аудандағы мекеме басшыларының қатынасуымен «Армысың – Жаңа жыл» атты көгілдір от думан

кеші өтті. Жаңа жылдық көгілдір от думан кешінің шымылдығы Жыл қорытындысына арналған бейнебаянмен түрілді. Айтулы шарада аудан әкімі Асқар Қазыбаев барша жиылған жұртшылықты Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, бірқатар мекеме басшыларын алғыс хаттарымен марапаттады. Оған қоса білім,

мәдениет, спорт сынды салаларда қызмет етіп жүрген сала басшылары «Ойыл ауданы өкімінің сыйлығына» ие болды.

Сонымен қатар жерлестеріміз Ақтөбедегі медициналық орталықтың бөлім басшысы, жоғары санатты білікті дерігер, балалар хирургі Болат Медетбаевқа, Халықаралық деңгейдегі спорт шебері, 2019 жылғы 60 килограмм салмақта қоян-қолтық ұрыстан өлем чемпионы Ұлан Мұқашевқа, «Тәжібай-АГРО» ЖШС директоры Абыл Сатаевқа «Ойыл ауданының жыл адамы - 2019» атағы берілді. Жаңа жылдық кешке жиылған көпшілік өрі қарай мерекелік дастархан басына жайғасты. Бір ауыз тілегі арқылы өткен жылға өкпе жоқтығын білдірген жергілікті билік өкілдері келер жылдан көп үміт күтетіндіктерін жасырмады. Ақжарма тілектерін алма кезек ақтарып, бөріде келер жыл құтты, берекелі жыл болуын тіледі. Мерекелік дастархан басына жайғасқан кеш қонақтарына аудан өнерпаздары өсем өндерін тарту етті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



«ЖАСТАР ЖЫЛЫ» ЖЕМІСТІ ЖЫЛ БОЛДЫ

Аудандық статистика басқармасының мәліметіне сәйкес, бүгінгі күні аудандағы жастар саны (14-29 жас аралығы) 5364 адамды немесе аудан тұрғындарының 31% құрайды.

Осы орайда Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үстіміздегі жылды «Жастар жылы» деп жариялағаны баршаға мәлім. Айтулы жылда аудан жастарымен атқарылған игі шаралар да жетерлік. Осы орайда бүгін «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «Youth Fest - 2019» атты «Жастар жылын» қорытындылау кеші өткізілді. Жастар жылының қорытындылау кешіне аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев пен ауданның белсенді, бастамашыл жастары қатынасты. Айтулы шара барысында ең үздік, ең белсенді ауыл жастары марапатталды. Сонымен бірге әр ауылдық округтен келген ауыл жастары жанды дауыста өн шырықап, өнерлерін ортаға салды. Өткен жыл аудан жастары үшін жемісті жыл болды. Ауданның белсенді, бастамашыл жастарымен бір жыл ішіндегі атқарылған игі шараларға кеңірек тоқталсақ, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы Ойыл ауданының жастар саясаты мәселелері бойынша аудан аумағындағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласын ұйымдастыратын бірден - бір мекеме болып табылады. Осы орайда Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы 2019 жыл Жастар жылында ауданда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатын әр түрлі өлеуметтік бағытта жұмысты жүргізіп келеді. Мемлекетіміз жасаймын дегенге жұмыс, көтерілеміз дегенге



көмек қолын аяған емес. Жастардың келешегі үшін әр-түрлі бағдарламалар ұйымдастырылған. Мемлекетіміздің өлеуметтік-экономикалық дамуындағы жастардың жұмыспен қамтылуы көрсеткіші маңызды рөлге ие. Осы бағытта ауданымызда жастарды жұмыспен қамтуды мақсат ететін «Жасыл ел», «Жастар тәжірибесі», «Гүлдене бер, туған ел!» марафон-эстафетасы сынды жобалар сөтті жүзеге асырылып келеді. «Дипломмен - ауылға!» жобасы аясында 2019 жылы ауданға 48 жас маман келген. 20 жас маманға «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы аясында тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие берілді. Нақтырақ айтсақ, жастар

білімді болуы шарт, сонымен қатар озық елдің қатарына кіруі үшін көсіп ашуы қажет. Осы мақсатта жастарды қоғам сұранысына сәйкес кәсіпке баулу өте маңызды. Бизнеспен айналысам деушілерге қолайлы жағдайлар жасалған. Кәсіптен несіп тауып отырған ауданда барлығы 64 жас кәсіпкер бар. Адал еңбекпен берекесі кіріп отырған, табысты кәсіпкер болуға талпынған жастар саны жылдан-жылға артып келеді. Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығымен бірқатар іс-шаралар тоқталсақ, есепті кезеңде 2019 жыл басынан бері барлығы 222 шара өткізіліп, оған 15725 жас қатыстырылған.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.



АҚТОРҚАНЫҢ ӨНЕРІ АНАСЫН АЛҒЫСҚА БӨЛЕДІ



Қазіргі қазақ қоғамында өнердің көшін өрге тартып жүргендер жетерлік. Шынын айтсақ, өннен гөрі өнші көп. «Әу демейтін қазақ жоқ» демекке өбден салынып кеттік-ау шамасы. «Ұялғаннан қыз болдым», - деп енді айта салу мен «Құлақтан кіріп бойды алар» енді шебер орындау дегенді шатастырып алдық. Соның салдарынан таза таланттарымыз тасада қалып жатқандай. Алайда ақпараттық технология дамыған заманда талай-талай таланттарымызды танып келеміз.

«Өнерге өркімнің де бар таласы», - деп ұлы Абай бекерге айтпаған. Сондықтан нағыз талантты таңдау, өнерсүйер қауымның қолында. Осындай таңдауға лайық күміс көмей, жез таңдай қыздарымыздың бірі Ақторқа Бақтыбаева. Төрт жарым жасынан мектеп табалдырығын аттаған Ақторқаның өн айтуға деген қабілетін алғашқы ұстазы Разия Қойбағарова байқаған. Алғашқы өнер жолын аудандық «Өнші балапан» өн байқауынан бастады. Одан кейін «Балдәурен 2009» байқауынан бірінші орын алған Ақторқаны анасы Айгүл алға қарай жетелеп, өнер айдынында талантты ашуға барын салды. Ақторқаның бала кезінен осындай жетістікке жетуге шындаған ұстазы Шыңғали Аймұханов болатын. Ақторқа одан бөлек, аудандық, облыстық,

республикалық тіпті халықаралық өн байқауларынан да талай рет топ жарды. Көптеген мәдени көпшілік шаралардың басы-қасынан табылып, өнерсүйер қауымды өзезді өн шырқаумен қатар бишілік өнерімен де тәнті етті. Осылайша кішкене кезінен өн айтуға жақын болып өскен Ақторқа мектеп бітіре салысымен өнер жолына қанат қақты. Қазіргі таңда Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Музыкалық білім» мамандығының екінші курсына оқиды. Өнер жолын қуып, арда өнердің ақ шыңына ұмтылған бағалап, белсенділігін ескерген оқу орны ұсынған. Есімізге түсірсек, екі апта бұрын ауданымызға арнайы келген «Жұбанов керуені» Ақторқаның университет қабырғасында белсенділік танытып жүргені үшін ата-анасына арнайы алғыс хат берген еді. Оның анасының айтуынша Ақторқа үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ендеше бізде Ақторқа өн көгінде бұлбұлдай сайрап жүре беруіне ақ тілегімізді білдіреміз.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

«БАСТАУ» АУЫЛДЫҢ БИЗНЕСІНЕ ЖОЛ АШЫП ОТЫР

Өткен жылдың 9 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Үкімет жұмысындағы басым бағыттардың бірі ретінде жаппай кәсіпкерлікті ынталандыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді белгіледі. Сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, жекелей алғанда ауыл шаруашылығы кооперациясы және экспорттық әлеуетті өртараптандыру бойынша тапсырмалар берілді. Елбасы жүктеген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, кәсіпкерлікті дамытуға арналған 10 қадамды ұсынды. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен өңірлердегі қаржылық сауаттылықты арттыру, жаңа бизнес көздерін ашу, халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында «Бастау Бизнес» жобасы кәсіпкерліктің негіздері бойынша тегін оқытатын семинарлар қолдауға ұйытқы болып, бұл жоба «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың» 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының 2-ші бағыты бойынша «Бастау» және «Жас кәсіпкер» жобасы Ойыл ауданында да жүзеге асты. Яғни, сол уақыттан бері «Бастау» жобасы бойынша 6 кезең оқытылды. Жалпы 238 өтініш түссе, 203 адам оқуды аяқтап отыр. Жыл қорытындысы бойынша 28 адам несие алып отыр, ал 25 адам осы оқу нәтижесінде грант ұтып алды. Ал, толық 203 адамға 16759 теңге шәкіртақы берілді. Осы жоба арқылы 20 адамға 505 мың теңге берілсе, 5 адамға 252 мың теңге грант бөлінді. Сонымен қатар биылғы жылы жастар жылына орай жас кәсіпкер оқуы жүзеге асты. Жас кәсіпкер оқуына 59 адам өтініш білдіріп, 58 адам аяқтады. Аяқтаған 58 жастың 27-і 505 мың грант иегері атанды. Ол жас кәсіпкермен оқыған 58 жастың бәрі де 16759 теңге көлемінде шәкіртақы алды. Осы оқу арқылы ауданымыздың тұрғындары осы сала бойынша көптеген кәсіп ашып, жаңа бастамаларға қол жеткізіп отыр. Олардың ішінде қызмет көрсету саласы бойынша, сонымен қатар мал шаруашылығын кәсіпке айналдырып отырғандар бар.

Әсел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.

Редактор бағаны

**АРМЫСЫҢ,
1648 оқырман!**



ЕРТЕРЕКТЕ ҮЛКЕНДЕР «КҮНІМ ӨТІП БАРАДЫ» - ДЕП КҮНІРЕНІП ОТЫРАТЫН. ҚАЗІР УАҚЫТТЫҢ ҚАЛАЙ ӨТІП БАРА ЖАТҚАНЫН ДА БАЙҚАМЫ ҚАЛЫП ОТЫР-МЫЗ. МҮМКІН, БІЗДІҢ ҚАЛАУЫ-МЫЗ СОЛАЙ ШЫҒАР? КӨЗДІ АШЫП-ЖҰМҒАНША ТАҒЫ БІР ЖЫЛДЫ, ЖЫЛ ҚАЙЫРУДЫҢ СОҒҒЫ ЖЫЛЫН ДА «ТАРИХ-ҚА» ТАПСЫРДЫҚ...

Өрине, өткенге өкпе айтпайтын ұлттың ұрпағымыз. Өткен іске өкпе де жүрмейді, өкінуге де болмайды. Рас, ел болған соң, салмағы мен сабағы ащы оқиғалардың болғаны да жасырын емес. Ал, біздің аудан үшін жақсылықтар жалғасын тапқан жыл болып тарихқа енді. Тәубеміз бен қанағатымыз қатар тұрғандықтан, «Жұтаған шүкірге тоймайды» - деген қағидаға жол жоқ. Кейбір ұлттар сияқты «қорымызды» қаралы күнге сақтамаймыз. Малымызды той деп жидық, Барымызды тойда шаштық. Ылғалдың аздығы ырысымызды ортайта алған жоқ. Мал азығын да уақытында дайындап алдық. Қалғанына Төңірі де қарассып тұр. Ырысты ынтымағымызбен арттыра білдік. Бірлікпен атқарған істің берекесі осы. Қаңтарға дейін «Шыбынсыз жаз» болып тұр...

Биылғы жылға үкілеген үмітіміз де көп. Біздің аудан үшін көлік жолы - күре тамыр. Аудандағы инфрақұрылымның ілгерілеуіне септігі тиетін салаға мемлекеттің берер көмегі биыл да жалғасады. Аукымды жобалар «мал баққан елдің» де мехнатын азайтуға бағытталып отыр.

Ескіше жыл санауға сүйенсек, жаңа мүшел басталды. Өрине, қазақ халқының ұғымында жыл 22 наурызда кіреді. Ал, биылғы тышқан жылы еліміз үшін торқалы тойлар жылы болғалы тұр. Ахмет ақсақалша айтсақ, «Халықтың құлағы, көзі, нөмі тісі» болып келе жатқан атауы сан рет өзгерсе де, сертінен айнымаған, бұқараның үні бүгінгі «Ойыл» газетінің шыға бастағанына күзде 90 жыл толады. «Көрпемізге қарай кәсіліп», көңіліміз бен күшіміздің жететін деңгейінде оқырмандарымызбен бірге атап өтпек ойымыз бар. Осы орайда газеттің тұрақты авторларын қалыптастыру және оқырманның басылыммен байланысын нығайту мақсатында байқаулар ұйымдастыруды ойластырып отырмыз. Өйткені, газет қашанда халықтың үні. Болған, бола да береді. Сондықтан, біз газеттің тарихын, сол арқылы ауданның тарихын тағы бір таразылап өтуді ұйғардық. Оған қолында газеттің көне қиындылары бар кез-келген оқырман өз жәдігерін ұсына алады.

Міне, абыз қарияның жасына жеткен басылым «Ойыл» газетінің тойы оқырманы үшін де ортақ. Сондықтан, ортақ тойдан сырт қалмау үшін өз газетіңізден қол үзбеуіңіз керек. Сонымен қатар, Сіздің де келер жылы тарихқа айналар газеттің парағына өз қолтаңбаңызды қалдыруға құқыңыз бар! Газетті «ауданның айнасы» - дейді. Ал, айнаға бәріміз де ұялмай қарайық! Біз апта сайын оқырманға жағымды жаңалықтарды жеткізуге асығайық! Армысың, 1648 оқырман!


АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МІНДЕТТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕБІНІҢ ТЕЗИСТЕРІ

Күрметті аудан тұрғындары!
Елбасының 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес қоғамды одан әрі демократияландыру, халықты елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы хабардар ету, атқарушы органдардың халық алдындағы ашықтығын, жауаптылығын, есептілігін арттыру мақсатында өкімдердің дәстүрлі есеп беру кездесулері өткізілгені отыр.

Есептік кездесулер-өткен жылғы атқарылған жұмыстарды саралап, алда тұрған аудан экономикасының дамуының тұрақтылығын сақтау арқылы тұрғындардың әлеуметтік ауқаттылығын одан әрі арттыру жолдарын жетілдіру жолдарын анықтау маңыздылығымен ерекшеленуде.

Өткен жылғы есеп беру кездесулерде білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандарының құрылысын жүргізу жөндеу мәселелері жөнінде 4 мәселе көтерілген болатын.

Оның ішінде 2018 жылы басталған Қайыңды ауылдық округінің орталығы Ақжар ауылына ауыз су құбыры құрылысына 2019 жылы жұмысы 114,6 млн. теңге бөлініп, құрылысы аяқталып, іске қосылса, Саралжын ауылдық округінің Бестамақ елді мекенінде орталықтандырылған ауыз су құбырын жүргізу құрылысы үшін жобалау-сметалық құжаттарын дайындау мәселесі облыстық



бюджеттен 6,0 млн.теңге бөлініп, құжаттары толық дайындалды.

Жобалау-сметалық құжаттары дайындалған ауданның төрт мектебін күрделі жөндеу мәселесі «Ауыл –Ел бесігі» жобасы аясында республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылды.

Облыс өкімінің есептік кездесуіне ұсынылған түйінді мәселелер қатарындағы аудан елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс жүйесімен қамту мәселесі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 3 елді мекенде (Ақжар, Кемер, Ойыл) оптикалық-талшықты желі құрылысы аяқталып, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қаратал ауылына кіре беріс автокөлік жолына орташа жөндеу жұмыстары жұмыстары аяқталу сатысында тұр. 2020 жылы жөндеу жұмыстарын аяқтауға 37,2 млн.теңге қаралып отыр.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық одан әрі дамуы бағытындағы атқарылған жұмыстар еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі:табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауын насихаттау және жүзеге асыру жұмыстарымен басталып, Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау және іске асыру шараларымен жалғасуда.

Аудан өкімдігі жанынан құрылған ақпараттық-насихаттау тобы, облыстық, республикалық ақпараттық насихаттау топтары жыл бойы Елбасының халыққа арнаған Жолдауы мен мақаласын кеңінен насихаттау мен түсіндіру мақсатында елді мекендерде кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізіліп, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырды.

Мемлекет басшысының алға қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру аудан экономикасының ілгері дамуын қамтамасыз етті.

Аудан экономикасының нақты секторында жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізіліп, бюджеттік қаржылардың толық игерілуі қамтамасыз етілді.

Аудандық ішкі резервтерді анықтау комиссиясы арқылы салық базасын кеңейту жұмыстары жүргізіліп, бюджетке қосымша жоспардан тыс 24,2 млн. теңге түсірілді.

Ауданда Ойыл, Саралжын, Көптоғай және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтері 2018 жылдан бастап 4-деңгейлі бюджетке көшіріліп жұмыс жасауда.

2020 жылғы мақсат:

бюджеттік тапшылықтың барынша қысқарту;

бөлінген бюджеттік қаржының мақсатты да тиімді жұмсалуына тұрақты бақылауды жалғастыру;

жергілікті бюджеттік кіріс түсімдерін ұлғайту бойынша қосымша шаралар қабылдау;

Сәрибе, Қараой, Қайыңды ауылдық округтерінің 4–деңгейлі дербес бюджет жүйесінде жұмыс жасауын қалыптастыру.



Аудан экономикасының негізін құрайтын ауыл шаруашылығы саласында: Егіс шаруашылығында егіс жоспары толық орындалды. Дегенмен, ауа райының қолайсыз болуына байланысты жоспарланған өнім алуға мүмкіндік болмады. Алдағы жылдары суармалы егіс көлемін арттыруға басым бағыт берілетін болады.

2019 жылы Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақтөбе облысы бойынша «2018-2027 жылдарға арналған етті мал шаруашылығын дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша белгіленген жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылып келеді.

Мал саны артып, өндірілген өнім де жыл санап артып келеді.

Мал қыстату науқанына қажетті мал азығының қоры жасақталып, мал қыстату науқаны қалыпты өтуде.

Мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында жаңадан 14 мүйізді ірі қара шаруашылығы, 11 қой шаруашылығы ашылды.

Мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдау көрсетіліп 9 шаруа қожалықтарына 699 бас мүйізді ірі қара, 6 шаруа қожалығына 2000 бас қой сатып алуына көмек берілді.



Бүгінде 6 шаруашылықта 935 бас асыл тұқымды мүйізді ірі қара, 3 шаруа қожалығында 10422 бас асыл тұқымды қой-ешкі, 4 шаруашылықта 114 бас асыл тұқымды жылқы өсірілуде.

Сәрибе ауылдық округінің шаруа қожалықтарымен 20 тонна қой еті экспортқа шығарылып, белгіленген жоспар толық орындалды.

Бордақылау алаңына 442 бұқашықтар тапсырылды.

Жайылымдық жерлерді суландыру бағдарламасы аясында 14 шаруа қожалығы қыстақтарына құдық қазуға қолдау көрсетіліп, жоспар 175,0 пайызға артық орындалды.

2019 жылы ауыл шаруашылық құрылымдарын Үкімет тарапынан мемлекеттік қолдау жалғастырылып, мал шаруашылығын дамыту бойынша белгіленген жұмыстары үшін 92 шаруа қожалығына 120,6 млн.теңге және 12 шаруа қожалығына техникалық жабдықтау жұмыстары үшін 36,0 млн.теңге қаржылай өтемақы (субсидия) берілді.

Мал дәрігерлік қамту шаралары бойынша республикалық бюджеттен 55,7 млн.теңге бөлініп, жоспардағы белгіленген аурулардың барлық түрлері бойынша алдын алу-емдеу, тексеру жоспарлары толық орындалды.

Бруцеллезге 37619 бас мүйізді ірі қара тексеріліп, оң нәтиже көрсеткен 358 басы, 89014 бас қой тексеріліп – оң нәтиже көрсеткен 87 басы жойылды. Ағымдағы жылы шектеу қойылған төрт бруцеллез ошақтарында жоспарлы іс-шаралар жүргізілді. Қайта өңдеуге тапсырылған 112 бас мүйізді ірі қара, 26 бас қой-ешкі иелеріне 1,0 млн. теңге қаражат төленді. Бруцеллез малдар шыққан 93 аулаға дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу ұйымдастырылды. Аудан елді мекендерінен 809 бас қанғыбас иттер ауланып жойылды.

Дегенмен, аудан тұрғындары арасында ауру малдарды уақыты жоймау және малдарынан қан алдырмау, бірдейлендірмеу сияқты ветеринарлық талаптарды бұзу фактілері өлі де кездесіп, бруцеллез мүйізді ірі қара малдарын жоймаған 3 тұрғынға ауақтық инспекция арқылы өкімшілік іс қозғалып, айыппұл салынған.

2020 жылғы міндеттер:

1. Мал шаруашылығында:

мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік субъектілерінің ұсынылған жобаларына мемлекеттік қолдау көрсетуді;

шаруашылықтардың мал сатып алу үшін ауыл шаруашылық құрылымдарының несие алуларына, лизингтік жүйемен жаңа техникалар алуына, малды асылдандыру жұмыстарына қолдау көрсетуді одан әрі жалғастыру;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпкерлігін ашуға инвесторлар іздегі;

жұқпалы мал ауруларына қарсы ветеринариялық жұмыстар деңгейін одан әрі жоғарылату;

2. Өсімдік шаруашылығында:

- жергілікті көкөніс, картоп, бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз етуді одан әрі жақсарту мақсатында суармалы тары, көкөніс алқабын ұлғайту;

- жылыжай ашуға тілек білдірген кәсіпкерлерге қолдау көрсету;

-облыстық ауыл шаруашылығы басқармасымен бірлесіп суармалы жерлер инфрақұрылымын жасақтау бойынша шаралар қабылдау



Жер ресурстарын басқару

2019 жылдан бастап ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін конкурс жариялау арқылы беру жүзеге асырылуда.

Жыл ішінде ұйымдастырылған 2 конкурс арқылы шаруашылықтарға 19410 га 13 жер учаскесі, оның ішінде жаңадан ашылған 5 шаруа қожалығына 7910 га және 5 ауылшаруашылығы субъектілеріне қосымша 11500 га жер учаскесі табысталды.

Берілген жерлердің тиімді пайдаланылуын қадағалауды одан әрі жақсарту мақсатында аудандық жер қатынастары бөліміне аудан өкімдігінің қаулысымен бір бас маман инспектор штаты беріліп, жұмысқа қабылданды.

Есепті мерзімде облыстық жер инспекциясының қатысуымен 3 шаруа қожалығына тексеру жүргізіліп, пайдаланылмай отырған 4770 га жер қайтарылып алынды. Сондай-ақ, түсіндіру жұмыстары нәтижесінде 14 ауылшаруашылығы субъектілері пайдаланбай отырған 15516 га жер учаскесі ауданның босалқы жер қорына қайтарды.

Заң бұзушылықтың алдын алу бойынша 57, және кейінгі жер пайдалану құқығын болдырмау мақсатында 230 шаруа қожалығына ескерту-хабарламалар таратылды.

2020 жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің тиімді пайдалануы бойынша қосымша шаралар қабылданып, ауыл шаруашылығы және тұрғын үй құрылысына берілген жерлердің пайдаланылуын бақылау жұмыстары жалғастырылатын болады.

Елді мекен жерлерінен шаруа қожалықтарына шөп шабу үшін жер учаскелері уақытша бір жылға маусымдық кезеңге берілетін болады.

Кәсіпкерлік саласы



Ауданның кәсіпкерлік құрылымдары аудан экономикасының дамуына, халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуге, қызмет көрсету саласының кеңеюіне өз үлестерін қосуда.

Кәсіпкерлік саласындағы субъектілер саны жылдан жылға көбейіп келеді. Өткен жылдың сәуіріне кезеңімен салыстырғанда 68 бірлікке артып, субъектілер саны 886 бірлікке жетті.

2019 жылы аудан кәсіпкерлері тарапынан 664,0 млн.теңге инвестиция тартылып, Ойыл селосында жаңадан 10 азық-түлік дүкені, жаңа тойхана, автовокзал - қонақ үйімен және жылыжай салынды.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде облыстық мемлекеттік гранттар байқауына 4 жоба ұсынылып, қолөнер шеберлігі жобасы бойынша 1 кәсіпкердің 700,0 мың теңге көлемінде мемлекеттік грант алуына ықпал етілді. Аталған бағдарлама аясында 1 жеке кәсіпкердің өндірісті кеңейту бойынша 9,5 млн.теңге несие алу сұраныс құжаттары «Халықтық банкте» қаралуда.

2019 жылы қолға алынған “Қарапайым заттар экономикасы” бағдарламасы аясында 5 шаруа қожалығына мал шаруашылығын дамыту үшін 166,1 млн.теңге несие алуына көмек берілді.

«Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасы және басқа да салалық бағдарламалар аясында аудандағы «Ойыл несие»ЖШС және облыстағы қаржы ұйымдары арқылы 72 адамға 339,7 млн. теңге несие алуына қолдау көрсетілді.

Республикалық бюджеттен бөлінген қаржылар есебінен жаңа бизнес идеялар жүзеге асыру үшін 69 адамға 26,7 млн теңгеге мемлекеттік гранттар беріліп, аудан елді мекендерінде тұрмыстық қызмет көрсету нысандарының ашылуына мемлекеттік қолдау көрсетілді.

2020 жылғы жоспар:

- ұсынылған өндірісті және тың кәсіпкерлік жобаларға мемлекеттік қолдау көрсету;

- «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасы аясында шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында бөлінген несиелерді бірінші кезекте өнім өңдеу мен тұрмыстық қызмет көрсету салаларында жаңа жұмыс орындарын ашуға бағыттау;

- ауданда дәстүрлі емес кәсіпкерлік саласын одан әрі дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету;

Әлеуметтік салада жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелеріне ерекше көңіл аударылуда.

2019 жылға арналған халықты жұмыспен қамтамасыз ету бойынша Кешенді жоспарға сәйкес 2236 адам жұмыспен қамту шараларымен

қамтылды, 510 жаңа жұмыс орындары ашылып, 717 адам жұмысқа орналастырылды.

«Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының бағыттары аясында жоспарланған іс-шаралар толық орындалды,атап айтқанда

110 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға және 61 адам техникалық және кәсіптік оқытуға жолданды. Оның ішінде 110 адам оқуды аяқтап, 100 адам жұмысқа орналастырылды. 91 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жолданды. 147 адам жастар тәжірибесіне жолданды. Жастар тәжірибесін 78 адам аяқтап, 49 адам жұмысқа орналастырылды. Уақытша сипаттағы қоғамдық жұмысқа 562 адам жолданды.

Аз қамтылған отбасыларға жаңа форматтағы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып төленуі жалғасуда. Есепті мерзімде 2861 адамы бар 501 отбасына 331,8 млн. теңге Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, төленді. 2018 жылмен салыстырғанда мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған адам саны екі есе, қаржы көлемі алты есе өсті.

Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және олардың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар оңалту бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуда.

Ауданда мүгедек санаттары бойынша барлығы 430 адам, оның ішінде I топта - 34, II топта – 160, III топта - 164 адам және бала кезінен 16 жасқа дейін 72 бала есепте тұрады.

Есепті мерзімде 18 мүмкіндігі шектеулі азаматқа протездік-ортопедиялық көмек ұсынылып, 79 адам сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етілді. 13 адамға кресло-арбалар алынып берілді. 21 адамға санаторий-курорттық емделуге жолдама берілді. 15 мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалатын шығындары өтелуде.

2 мүгедекке медициналық-әлеуметтік мекемелерде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге жолдама берілді.

1088 әлеуметтік сала мамандарының өтініші бойынша отын сатып алу



бойынша 5 АЕК көлемінде 13744,0 мың теңге әлеуметтік көмек тағайындалып төленді.

2020 жылғы жоспар:

«Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасына жұмыссыздар мен аз қамтылған отбасы мүшелерінің қатынасушылар санын арттыруға ықпал ету; жүгінген жұмыссыз азаматтардың 65 пайызын, оның ішінде нысаналы топтың 45,0 пайызын жұмыспен қамтуды жүзеге асыру.

мүгедектерге арналған қолжетімді ортаны қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру;

мемлекеттік сатып жүйесі арқылы мүгедектерге автокөлікпен тасымалдау қызметін ұйымдастыру;

жаңа форматтағы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, аз қамтылған отбасыларды азайту бойынша нәтижелілігін арттыру;

Денсаулық сақтау саласында туу көрсеткіші 1000 тұрғынға шаққанда 20,04 бірлікті құрап, туылған балалар саны өткен жылдың осы кезеңімен сәйкес деңгейде болып, өлім көрсеткіші 42 адамға азайып, 5,60 бірліктен 4,32 бірлікке төмендеді.

Туберкулезге қарсы 10578 адам тексеріліп, алғашқы сырқаттанғандар саны өткен жылмен салыстырғанда 2 адамға кемді.

3770 ересек, 4264 бала тұрғын әлеуметтік маңыздағы ауруларға қарсы тегін скринингтік тексерулерден өткізіліп, ауру анықталған 47 ересек адамға емделуге жолдамалар беріліп, ауру анықталған 161 баланың ішінде 92 бала сауықтырылды.

Аудандық аурухана арқылы амбулаторлы жағдайда тегін рецептпен науқастар 25 705, 4 мың теңгенің тегін дәрі-дәрмектерімен қамтамасыз етіліп, аудандық бюджет есебінен «Туберкулездің өртүрлі нысандарымен және онкологиялық аурулармен ауыратын тұрғындарға» емделу мерзімі уақытында 60 адамға 2 млн. 736,5 мың теңге тағайындалып төленді.

2,0 млн. теңгеге аурухана, емхана кабинеттерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылып, Сәрибе ДА-на жаңа санитарлық автокөлік алынды.

Аудандық ауруханада 29 дәрігер қызмет жасауда.

10000 тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамту көрсеткіші –17,4 болып өткен жылмен салыстырғанда 2,2 бірлікке өсті. (2018 ж – 15,2).

Есепті мерзімде аудандық аурухана 3 маманмен толықтырылды.

Жетіспейтін мамандар саны – 4 (ЖТД -2, неонатолог-1, педиатр-1).


Аудандағы емдеу мекемелеріне орналасқан 10 маманға 2070,5 мың көтерме жердемақы беріліп, 7 маманға тұрғын үй сатып алу үшін 26242,0 мың теңге кредит берілді.

2020 жылғы жоспар:

міндетті медициналық сақтандыру жүйесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыра отырып, жоспарланған іс-шараларды жүргізу;

бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің талаптарын одан әрі қалыптастыра отырып, әлеуметтік маңызы бар аурулар санын азайту мақсатында профилактикалық шараларды одан әрі күшейтеу;

тұрғындардың туберкулезге қарсы толық тексерумен қамтылуы бойынша шараларды жалғастыру;



емдеу мекемелерін жоғары кәсіби медициналық кадрлармен қамтамасыз ету шараларын жалғастыру;

аудандық орталық аурухана мен ауылдық округтердегі емдеу мекемелері ғимаратын жөндеуге ұсыну мен емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базаларын одан әрі жақсарту бойынша шаралар қабылдау;

Білім беру саласында жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселелері аудан өкімдігінің басты назарында ұсталуда.

23 жалпы білім беретін мектептерде 3288 оқушы білім алуда. Жаңа оқу жылына бюджеттен 46,0 млн.теңге бөлініп, мектептер толық көлемде оқулықтармен қамтамасыз етілді.

23 мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленуші бала саны -1 024.

3-6 жас аралығында балалардың мектепке дейінгі оқу-тәрбиемен қамтылуы-100 пайыз, 1-3 жас аралығындағы балалардың қамтылуы - 96 % құрайды. 0-3 жас аралығында кезекте тұрғандардың саны –250 бала.

Әлеуметтік қорғалған отбасы балалары 913 бала толық тегін ыстық тамақпен қамтылуда.

Облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, Саралжын ауылдық округінің Бестамақ елді мекенінде жалпы сметалық құны 202,9 млн.теңге құрайтын 50 орындық мектеп құрылысы аяқталып, 1 қыркүйекте пайдалануға берілді.

Жобалау-сметалық құжаттары жасақталған жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет ететін (Құрман орта мектебі; Сапақкөл орта мектебі; Қараой мектеп-балабақшасы; Ш.Бекмұхамбетов аты. мектеп гимназия) мектеп ғимараттарын күрделі жөндеу мәселесі облыстық білім басқармасымен бірлесіп, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында республикалық бюджеттен қаржыландыруға

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МІНДЕТТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕБІНІҢ ТЕЗИСТЕРІ

ұсынылды.

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында 3 млн. 763 мың теңге демеушілік қаржылармен қаржыға білім беру ұйымдарының материалдық – техникалық базасы нығайтылды.

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында 292 оқушыға қайырымдылықпен 1 520 мың теңгенің мектеп киім-кешектері мен оқу-құралдары алынып берілді.

2019-2020 оқу жылында педагогикалық қызметкерлер қатары 13 жас маманмен толығып, жұмысқа орналасты (оның 7 ауылдық мектептерге орналасты). Әлі де, 2019-2020 оқу жылына педагог кадрларға қажеттілік 15 педагогты құрап отыр.

Жұмысқа орналасқан 27 маманға 5075,3 мың теңге көтерме жәрдемақы,13



маманға 39475,0 мың теңге тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит берілді.

2020 жылғы жоспар:

- оқушыларға білім беру сапасын одан әрі арттыру бойынша шараларды, оның ішінде дарынды балаларды анықтап, олармен жұмыс жүргізу шараларын жалғастыру;

- мектептер мен бала бақша ғимараттарын жөндеу жұмыстарын жүргізуге ұсыну;

- білім беру ұйымдарының материалдық техникалық жағдайын жақсарту шараларды жалғастыру;

- балаға білім мен тәрбие берудегі мектеп және ата-ананың бірлескен жұмыстарының тиімділігін арттыру;

- инновациялық технологияларды, интерактивті білім беруді іске асыруды дамыту;

Халықтың рухани байлығын молайтып, мәдениетін арттыру, ұлттық мәдениетті сақтауда кітапханалар мен түрлі мәдени мекемелердің алар орыны ерекше.

Кітапханалар жүйесі бойынша кітап қоры - 192751, оқырмандар саны – 12004.

Аудандық мәдениет үйі жанынан 10 «Халықтық және Үлгілі» атақтары бар шығармашылық топтар және орталық, кітапханалар, мәдениет үйі-клубтар жанынан 1123 қатынасушы қамтылған 120 үйірме-қызығушылық клубтар тұрақты жұмыс жасайды.

Жыл ішінде мемлекеттік мерекелер мен Ақтөбе қаласының 150 жылдығы және «Жастар жылына», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалар аясында барлығы 3015 көпшілік шаралар өткізіліп, 328719 көрерменмен қамтылды.



Ағымдағы жылы мәдениет саласында бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді. Аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған халықтық «Ақ өже» ансамблі Астана қаласында Елбасы қорының ұйымдастыруымен өткен Республикалық қайырымдылық керуенінің «Асар» номинациясы бойынша Алғыс хатқа ие болса, Ақтөбе қаласында өткен облыстық театрлар фестиваліне Ойыл халық театры «Үздік актерлық ансамбль» номинациясымен марапатталды.

Облыстық «Рухани қазына – 2019» байқауында Ойыл аудандық орталық кітапханасы «Үздік аудандық маңызы бар кітапхана» атағына ие болып, Сердалиндер отбасы «Үздік оқырман отбасы-2019» байқауында ІІІ жүлделі орынға ие болды.

Ауданның мәдениет нысандарының материалды-техникалық базаларын нығайту бойынша «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 6 млн.87 мың теңге бөлініп Қараой, Сапақкөл, Құмжарған ауылдық клубтарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Облыстық бюджеттен бөлінген 3,0 млн. теңгеге Көптоғай модельді кітапханасы базасында «Коворкинг» орталығы ашылды.

Сонымен бірге «Туған жерге тағзым» акциясы аясында 21652,6 мың теңгеге ауылдық клуб-кітапханалардың материалдық-техникалық базасы нығайтылып, аудандық мәдениет үйіне 20 шаршы метрлік LED экран алынды. Акция аясында Ақшатау ауылында 80 орындық ауылдық клуб ғимаратын салу ұйымдастырылуда.



2020 жылғы жоспар:

- Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық, Конституцияның 30 жылдық мерейтойларына арналған іс-шараларды ұйымдастыру;

- мәдени мекемелерді жөндеу мен материалдық-техникалық базасын жақсарту шараларын жалғастыру;

